

**Өскемен қалалық мәслихатының 2018 жылғы 22 шілдедегі № 31/3-VI "Тіркелген салық мөлшерлемелері туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 2019 жылғы 5 наурыздағы № 41/4-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 18 наурызда № 5783 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 52/12-VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 23.12.2019 № 52/12-VI шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) .**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 546-бабының 3 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Өскемен қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Өскемен қалалық мәслихатының 2018 жылғы 22 маусымдағы № 31/3-VI "Тіркелген салық мөлшерлемелері туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-1-191 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 16 шілдеде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Қалалық мәслихаттың хатшысы*

*М. Бахыт*

*А. Светаш*

Өскемен  
қалалық мәслихатының  
2019 жылғы 5 наурыздағы  
№ 41/4-VI шешіміне қосымша  
Өскемен

## **Айына салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері**

Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың мөлшерлемесі (айлық есептік көрсеткіштермен)
Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	12
Біреуден көп ойыншының қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	12
Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1,7
Ойын жолы	22,5
Карт	2,1
Бильярд үстелі	8
Уәкілетті ұйымның елді мекенде орналасқан айырбастау пункті	12